

Н.А. Кудайбергенов*¹ , М.Б. Байдаулетов² ,
А.З. Арыстамбаева² , Қ.Т. Акимбаева² 

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kudaibergenov.n@ablaikhan.kz

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ ҰЙЫМДАРЫНДА КЕЗЕҢ ШЫҒЫНДАРЫН ЕСЕПТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада құрылыс саласындағы кезең шығындарының есебін жүргізудегі ерекшеліктер қаралған. Кез келген салынған құрылыс объектісінің жақсы болуы, оның сапасының белгіленген стандарттарға сәйкес келуі осы құрылысты салуға пайдаланылған құрылыс материалдарына тікелей байланысты. Құрылыс саласы қызметінің тиімділігін арттыру үшін құрылыс өндірісіне жұмсалған шығындар туралы шынайы ақпараттарды уақыттылы алудың маңызы өте зор. Шығындар туралы ақпарат негізінде ұйымның ағымдағы қиындықтары мен ұйымдастырушылық-техникалық мәселелері шешіліп, реттеледі және көптеген стратегиялық бағыттағы басқару шешімдері қабылданады. Шығындар есебі өндірілген өнімнің, көрсетілген қызметтің нақты өзіндік құнын дәл есептеумен шектелмейді, ол сонымен қатар ұйымның нарықта бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Кезең шығыстары есебін зерттеу нәтижесі ұйымдағы басқару жүйесін жасқартуға әсер ететіндігін аңғартты. Өндірістік есептің жаңа жүйесінің басты айырмашылығы – ұйымның жанама шығындарын үстеме және кезең шығындарына бөлумен байланысты. Үстеме шығындар негізгі өндіріске қызмет көрсетумен байланысты туындайды және олар басқару есебі жүйесінде өнімнің өзіндік құнына енгізіледі, ал кезең шығыстары қаржылық есеп жүйесінде есепке алынады, олар өнімнің өзіндік құнының құрамына кірмейді. Осылайша, құрылыс ұйымдарының үстеме шығындарының құрамынан кезең шығыстарын ажырату мәселесі туындайды. Сондықтан бүгінгі таңда ұйымдағы құрылыс сапасын арттырып, ондағы тиімділікті жоғарылату барысында кезең шығыстарының алатын орны ерекше.

Түйін сөздер: жалпы және әкімшілік шығыстар, жанама шығындар, үстеме шығындар, кезең шығыстары, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары.

N. Kudaibergenov*¹, M. Baidauletov², A. Arystambayeva², K.T. Akimbayeva²

¹ Kazakh Ablay Khan University of international Relations and World Languages, Kazakhstan, Алматы

² Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Алматы

*e-mail: kudaibergenov.n@ablaikhan.kz

Features of calculation of period costs in organizations of the construction industry

The article discusses the features of calculating the costs of the period in the field of construction. The quality of any constructed construction object, compliance of its parameters with the established standards directly depends on the building materials used for the construction of the structure. To improve the efficiency of the construction industry, timely receipt of reliable information about construction costs is of great importance. On the basis of information about costs, current difficulties and organizational and technical problems of the organization are solved and regulated, management decisions are made in many strategic directions. Cost accounting is not limited to the exact calculation of the actual cost of products produced, services rendered, it also allows the organization to be competitive in the market. The results of the study of the accounting of expenses of the period indicate the impact on the renewal of the management system in the organization. The main difference between the new production accounting system is the division of indirect costs of the organization into overhead and recurring costs. Overhead costs arise in connection with the maintenance of the main production and are included in the cost of production in the management accounting system, and the expenses of the period are accounted for in the financial accounting system, they are not included in the cost of production. Thus, there is a problem of distinguishing the expenses of the period from the composition of the overhead costs of construction organizations. Therefore, today, in the process of

improving the quality of construction and increasing efficiency in the organization, a special place is occupied by the expenses of the period.

Key words: general and administrative expenses, indirect expenses, overhead expenses, expenses for the period, international financial reporting standards.

Н.А. Кудайбергенов*¹, М.Б. Байдаулетов², А.З. Арыстамбаева², Қ.Т. Акимбаева²

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kudaibergenov.n@ablaikhan.kz

Особенности расчета затрат периода в организациях строительной отрасли

В статье рассмотрены особенности расчета затрат периода в сфере строительства. От строительных материалов, использованных для строительства сооружения, напрямую зависит качество любого построенного строительного объекта, соответствие его параметров установленным стандартам. Для повышения эффективности деятельности строительной отрасли большое значение имеет своевременное получение достоверной информации о затратах на строительство. На основе информации о затратах решаются и регулируются текущие трудности и организационно-технические проблемы организации, принимаются управленческие решения многих стратегических направлений. Учет затрат не ограничивается точным расчетом фактической себестоимости произведенной продукции, оказанных услуг, он также позволяет организации быть конкурентоспособной на рынке. Результаты исследования учета расходов периода свидетельствуют о влиянии на обновление системы управления в организации. Основное отличие новой системы производственного учета заключается в разделении косвенных затрат организации на накладные и периодические расходы. Накладные расходы возникают в связи с обслуживанием основного производства и включаются в себестоимость продукции в системе управленческого учета, а расходы периода учитываются в системе финансового учета, они не входят в состав себестоимости продукции. Таким образом, возникает проблема разграничения расходов периода от состава накладных расходов строительных организаций. Поэтому сегодня в процессе повышения качества строительства и повышения эффективности в организации особое место занимают расходы периода.

Ключевые слова: общие и административные расходы, косвенные расходы, накладные расходы, расходы за период, международные стандарты финансовой отчетности.

Кіріспе

Құрылыс халық шаруашылығының маңызды саласы бола отырып, материалдық өндірістің дамуына, өндірістік күштердің орналасуына және болашақтағы инвестициялық үдерістерді іске асыруға, сондай ақ басқаруды жетілдіруге шешуші әсер етеді.

Құрылыс жобалары көп жағдайда өз бюджеттерінен асыра шығын жұмсайтыны анық. Соңғы жылдарда жасалынған зерттеулер нәтижесінде барлық құрылыс саласындағы жобалардың жүзеге асырылуы барысында олардың тек 25% ғана шығындарды жоспарланған бюджет көлемінде немесе тек он пайызға артық шығындалатындығы, ал қалғандарының бюджетте қаралмаған мөлшерден әлдеқайда көбірек шығынды қажет ететіндігі және межелеген уақыттан 40 пайыз көлемінде кешігіп орындалатындығы анықталған (О'Лири Д. Э., 2017).

Құрылыс саласы төмен маржиналды салалар қатарына жатады, сондықтан да шығындар

мониторингі саланың басты қағидасына айналды, себебі меншік иеленуші пайда алатындығына сенімді болғысы келеді. Құрылыс нысанының құнын ресурстар мен уақыт анықтайды. Ресурстар мен еңбеккерлер құрамының ең тиімді құрылымының өзі жобаны толықтай жеңіске жеткізе алмауы мүмкін. Яғни құрылыс саласындағы шығындар есебінің, оның ішінде кезең шығыстарының есебін жүргізу мәселесі қашанда өзекті болып табылады.

Бухгалтерлік есепте шығындар қандай да бір мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар жиынтығы ретінде анықталады. Әдетте, бұл сатылып алынған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін төленуге тиесілі ақша қаражаттарының сомасы болып табылады. Оны болжамды, бюджеттік және нақты шығындар деп бөліп қарастырады. Нақты шығындар деп өндірілген өнім үшін жұмсалынған шығындар жиынтығын айтады (Хорнгрен Ч., 2005).

Өнімнің өзіндік құнына қосылуымен байланысты шығындарды тікелей және жанама деп

ажырататын болса, тікелей шығындар өнімнің өзіндік құнына бірден апарылуымен, ал жанама шығындар бөлініп таратылуымен ерекшеленеді. Калькуляциялау әдістемесі негізінде алынатын өзіндік құн – баға белгілеуге ықпал ететін басты фактор.

Сатылған өнімнің өзіндік құны өнімді сатудан алынған түсім сомасын азайтып, жалпы пайда сомасын анықтайтын болса, кезең шығыстары өз кезегінде операциялық пайда сомасының анықталуына ықпал етеді. Яғни, кезең шығыстарының мөлшері қаншалықты жоғары болса соғұрлым ұйым иелегінде қалатын таза пайда сомасы да азая түседі. Ал, компания мақсаты - мүмкін болатын жоғары пайда сомасына қол жеткізу. Осы орайда, әсіресе құрылыс саласы ұйымдарындағы кезең шығыстарының есебін жүргізуге ерекше көңіл бөлінуі қажет, себебі олардың есебін жүргізуді оңтайландыру жалпы ұйым қызметінің тиімділігін арттырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында шығындар мен шығыстар есебіне қатысты теориялық ақпарат зерделенді, нақты құрылыс саласы ұйымдары мысалында кезең шығыстарының үлестік құрылымына салыстырмалы талдау жасай отырып, шығыстар құрамын нақтылауға мүмкіндік беретін ғылыми танымдық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Өнімнің өзіндік құнын құрайтын шығындардың құрамын, құрылымын қарастыру мәселесінде жалпы басқару есебі тұрғысынан ұсынылған есеп жүргізу әдістемесіне шолу жасалынды. Авторлардың басым бөлігі шығындарды жіктеу мәселесін жалпылама өндіріске қатысты ғана қарастырады, ал нақты сала, айталық құрылыс саласы есепке алынбайды. Олардың барлығын жинақтап, жүйеге келтіру қажет. Содан кейін ғана нақты құрылыс саласына қатысты шығындарды жіктеудің ерекшеліктерін ашып көрсету мүмкіндігі туады. Нақты құрылыс компаниясы мысалында шығындарды нақтылау қажет, себебі олардың тікелей және жанама шығын түрі ретінде жіктелетін болса, жанама шығындардың ішінен өнімнің өзіндік құнына қосылмай әкімшілік-басқару шығындарына апарылуы қажет бөлігін ажыратып алу керек. Сол кезде ғана құрылыс объектісінің өзіндік құны дәл анықталады, ал бұл өз кезегінде құрылыс компаниясының қаржылық нәтижесіне ықпал етеді.

Әдебиеттерге шолу

Құрылыс экономика салаларының ішіндегі ерекше сала болғандықтан да құрылыс саласының экономикасын жеке зерттеген авторлар бар. Олардың ішінде Ресейлік авторлар М. А. Королева, Е. С. Кондюкова, Л. В. Дайнеко, Н. М. Караваеваны атауға болады (М. А. Королева, 2019). Олардың оқу құралдары құрылыс ұйымының өндірістік және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін, құрылыс саласындағы экономикалық ресурстардың өзгешелігін, құрылыс өніміне деген бағаны қалыптастыру ерекшеліктерін, құрылыс бизнесіндегі қаржылық нәтижелердің қалыптасуындағы ерекшеліктерді қарастырған.

Нақты құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп мәселелері Отандық ғалымдар Кеулимжаев Қ.К., Назарова В.Л., Бейсенбаева А.К., сияқты экономист ғалымдардың еңбектерінде жарық көрген. Авторлардың оқулықтарында құрылыс саласында жұмыстарды ұйымдастыру, жіктеу мәселелері, бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құрастыру тәртібі қаралған. Құрылыс өнімнің есебін жүргізудегі ерекшеліктер, өндіріс шығындарының есебін жүргізу мен өзіндік құнды калькуляциялау тәртіптері қаралған. Бұл авторлардың ішінде Кеулимжаев Қ.К. оқу құралдарында құрылыс саласындағы шығындарды жіктеу мәселесін нақтылауға қатысты көп көңіл бөлінген (Кеулимжаев Қ.К., 2011). Олар құрылыс өнімінің өзіндік құнын қалыптастыру барысында өнімнің өзіндік құнын қалыптастырушы шығындарды тікелей және жанама деп бөле отырып, жанама шығындарға ерекше көңіл бөлуге шақырады. Авторлардың пікірініше жанама шығындар құрамында жалпы басқарушылық, әкімшілік-шаруашылық шығындардың есепке алынып кетуіне жол бермеуге назар аударады.

Бейсенбаева А.К. құрылыс ұйымдарындағы есеп жүргізудегі ерекшеліктерді құрылыс өндірісіне қатысты қарастырады (Бейсенбаева А.К., 2013). Автор құрылыс жұмыстарының маусымдық ерекшеліктеріне, яғни қыс және өзге мезгілдердегі құрылыс өндірісін тоқтатпай жүзеге асыру мәселелерін қарастарды. Яғни өнімнің өзіндік құнына жатқызылатын шығындарды маусымдық ерекшеліктерді ескере отырып нақтылауды ұсынады.


Назарова В.Л. өзінің оқу құралында құрылыс өндірісінің технологиялық ерекшеліктерін ашып

көрсетеді (Назарова В.Л., 2011). Құрылыстың тікелей жермен байланысты екендігін, салынған құрылыс өнімі сол жерде қалатындағын, ал құрылыс салушы машиналар мен жабдықтар, құрылыс салатын адамдармен бірге жаңа құрылыс объектісіне көшетіндігін, сондықтан да оларды көшірумен байланылсты қосымша шығындар орын алуы мүмкін екендігін ескертеді. Сонымен қатар, автор құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру барысында пайдаланылатын машиналар мен жабдықтар, механизмдердің есебін жүргізу ерекшеліктеріне тоқталған, оларды пайдалану барысында туындайтын шығындар есебін жүргізуге ерекше көңіл бөлуге шақырады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Бухгалтерлік есеп жұмысын жүргізудің дүниежүзілік тәжірибесін негізге алып жасалынған бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес экономиканың бүкіл саласында өнімнің өндірістік өзіндік құнын қалыптастыру тәсілі айқындалды. Өндірістік есептің жаңа жүйесінің басты айырмашылығы – ұйымның жанама шығындарын үстеме және кезең шығындары болып екіге бөлінуі (Кеулимжаев К.К., 2011).

Осы мәселелерді жинақтап, келесі сурет ретінде ұсынуға болады (1-сурет).



1-сурет – Шығындар мен кезең шығыстарын есепке алу тәртібі
Ескертпе: Карпова Т.П. (2014) әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Өнімдерді өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету барысында жұмсалатын шығындар өндірістік өзіндік құнды құрайды, ал толық өзіндік құн өндірістік кезең шығындары мен өзіндік құннан тұрады. Бұл тұжырымдаманы келесі сурет түрінде келтіруге болады (2-сурет).

Өнімнің өзіндік құнына енетін шығындардан ерекшелігі жалпы және әкімшілік шығындар өндіріс көлемінің өзгерісіне тәуелді емес. Бұл шығындар шартты түрде тұрақты болып саналады, әрі кезең шығындары ретінде қаралады. Бұл шығындардың көпшілігі есепті кезеңде өнім өндірілмесе де пайда болады (Бондина Н.Н., 2019).

Кезең шығындарының есебі қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының 2 «Қорлар» стандартының әдістемелік нұсқауларында берілген өнімнің өзіндік құнына енбейтін және кезең шығындары ретінде таныла-

тын шығындардың қалыптасуы бөлігіне сай жүргізіледі (МСФО, 2010)

Құрылысқа қатысты алатын болсақ, мердігерлік келісім шартына сәйкес құрылыс өнімінің өзіндік құнының құрамына енбейтін шығындардың келесі түрлерін ажыратуға болады (Друри К., 2013):

- өтелуі мердігерлік келісім шарттарда қаралмаған жалпы және әкімшілік басқару шығындары;
- өткізу шығындары;
- өтелуі мердігерлік келісім шарттарда қарастырылмаған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығындар.

К.Т. Тайгашинова кезең шығыстарының келесі жіктелімін ұсынады (Тайгашинова К.Т., 2021):


- Басқару шығыстары;

- Шаруашылық шығыстары;
- Өндірістік емес шығыстар.

Ч.Т. Хорнгрен ұйымның кезең шығындарын қорсіңірімділігі жоғары шығындарға жатқызады, олар қорларға еш қатыссыз, бірден пайданы есептеуге әсер етеді (Тан Б.С. 2019)

Осылайша, кезең шығындары – бұл қаржылық қаржылық қызметтің нәтижелері

туралы есеп берудің көрсеткіштері, ал өндірістік шығындардың көрсеткіштері алыдмен тауарлы-материалдық қорлардың қалдығына қосылып, баланста активтердің бір бөлігі ретінде көрсетіледі, содан кейін барып табыстар мен шығыстар туралы есеп берудің көрсеткішіне айналады (Мизиковский Е.А., 2010)



2-сурет – Толық өзіндік құнды анықтау тәртібі
Ескертпе: Карпова Т.П. (2014) әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Кезең шығыстарының мөлшерін және олардың ұйымның пайдасының қалыптасуына ықпалын талдау арықыл да сипаттауға болады.

Осы орайда, «Сәулет Құрылыс» ЖШС мысалында соңғы үш жылдағы қаржылық нәтижелік көрсеткіштері келесі кестеде келтірілді (1-кесте).

1-кесте – «Сәулет Құрылыс» ЖШС қаржылық көрсеткіштері бойынша құрылымдық талдау


Көрсеткіштер	Жылдар			Үлестік құрылымы		
	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Сатудан түскен түсім	2 395 808	4 097 937	2 567 895	100%	100%	100%
Сатылған өнімнің өзіндік құны	(1 609 422)	(2 958 994)	(1 666 687)	67%	72%	65%
Жалпы пайда	786 386	1 138 943	901 208	33%	28%	35%
Жалпы және әкімшілік шығындар	(694 450)	(561 419)	(539 557)	29%	14%	21%
Бағамдық айырма бойынша залал	(3 158)	(20 659)	(1 497)	0%	1%	0%
Құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру	94 719	(109 329)	(316 662)	4%	3%	12%
Басқа да пайда мен залал	(4 668)	857	(4 239)	0%	0%	0%
Қаржыландырудан түскен табыс	14 750	892	1 487	1%	0%	0%
Қаржыландырудан болған шығын	(878)	(4 325)	(9 868)	0%	0%	0%
Салық салынғанға дейінгі пайда	192 701	444 960	30 872	8%	11%	1%

Ескерту – ұйымның қаржылық есептілігі негізінде авторлармен құрастырылды

Кесте мәліметтерінен қалыпты қызмет атқарып отырған құрылыс ұйымы мысалында кезең шығыстарының ұйымның қаржылық нәтижелік көрсеткіштеріне ықпалын бақылауға болады. Құрылыс ұйымының иелігінде жалпы пайда ретінде 2019-2021 жылдарда сатудан алынатын табыстың 28-35 пайыз аралығындағы мөлшері қалып отыр. Ал сол сатудан алынған табыстың 14-29 пайызы мөлшерін кезең шығыстары құрап отыр. Ұйым иелігінде қалатын жалпы пайда сомасынан кезең шығыстарының

қандай үлес алатындығын келесі сурет арқылы келтіруге болады (3-сурет).

Көріп отырғанымыздай, жалпы пайданың 2019 жылы 77,51%, 2020 жылы 54,43%, 2021 жылы 92,06% кезең шығыстарының негізгі бабы болып табылатын жалпы және әкімшілік шығыстарға келетіні анықталған. 2020 жылғы үлесінің төмендігі сол уақыттағы карантинмен баланысты болған. Бұл тек бір құрылыс ұйымы мысалында жасалғанымен, барлық ұйымдарда осындай жағдай орын алады.



3-сурет – «Сәулет Құрылыс» ЖШС мысалында кезең шығыстарының үлестік сипаттамасы
Ескертпе: «Сәулет Құрылыс» ЖШС қаржылық есептілігі негізінде автормен құрастырылған

Үлкен бәсекелестік, өнімнің өзіндік құнын азайту резервтерін іздестіру және рентабельділікті ұлғайту тек өндірістік шығындардың жедел есепке алынуына емес, кезең шығындарының өз уақытында және дұрыс есепке алынған жағдайында ғана мүмкін.

Құрылыс ұйымдарында әкімшілік шығындардың аналитикалық есебі келесі шығын баптары бойынша жүргізіледі (Пайтаева К.Т. 2018):

1. Әкімшілік шығындар

- ұйымның басқару аппаратын ұстау;
- ұйымның басқару аппаратының қызметтік іссапар шығындары;
- ұйым қызметімен байланысты өкілдік шығындар;
- басқадай шығындар.

2. Жалпы шығындар:

- жалпы шаруашылық қызметкерді ұстау;
- жалпы нысандағы негізгі құралдардың амортизациясы;
- өрт және күзет қызметтері;

- сынақтарды, тәжірибелерді жүргізу, жалпы зауыттың зертханаларды ұстауы;
- еңбекті қорғау шығындары;
- кадрларды дайындау және қайта даярлау шығындары;
- басқадай жалпы шығындар.

3. Салықтар, алымдар, өндірістік емес шығындар

- салықтар мен міндетті аударымдар;
- алымдар;
- айыппұлдар, өсімпұлдар;
- басқадай өндірістік емес шығындар.

Әкімшілік шығындардың аналитикалық есебін 7200 «Әкімшілік шығындар» шотында құрылыс саласының технологиялық ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастырылып, алғашқы құжаттардың негізінде белгіленген шығындардың баптары бойынша жүргізген орынды.

Оларды біздің ойымызша, басқарма шығындарының бағыттарына қарай келесі шығын бап-

тары бойынша топтастыра отырып есепке алған дұрыс:

1. Әкімшілік-басқарма қызметкерлерінің әлеуметтік салыққа аударымдарын қоса алғандағы негізгі және қосымша еңбекақылары;

2. Әкімшілік-басқарма қызметкерлерінің қызмет бабындағы іс-сапар, жүріп-тұру және орын ауыстыру шығыстары;

3. Басқару қызметін автоматтандыру шығыстары;

4. Байланыс қызметінің шығыстары;

5. Кеңсе шығыстары;

6. Әкімшілік-шаруашылық ғимараттары мен құрылыстарын күтіп ұстау шығындары;

7. Басқарма қызметкерлерінің еңбегін қорғау және техникалық қауіпсіздігі;

8. Басқарма қызметкерлерін дайындау және білімін жетілдіру шығыстары;

9. Жұмыс өндірісін жобалау шығыстары;

10. Материалдарды, конструкциялар мен құрылыс ғимараттарының бөліктерін сынау шығыстары;

11. Нормативтік жұмыстарға жұмсалған шығыстар;

12. Геодезиялық жұмыстарға жұмсалған шығыстар;

13. Басқалар.

Біздің пікірімізшеі, бірінші бапта әкімшілік – басқарма қызметкерлеріне (инженерлік-техникалық жұмысшылар, қызметкерлер, кіші қызмет көрсететін тұлғалар) төленетін жалақының барлық түрлерін көрсеткен дұрыс.

Мұнда тек құрылыс ұйымының жабдықтау бөлімінің қызметкерлерінің еңбек ақысы көрсетілмейді, себебі ол дайындау-қойма шығындарының құрамында есепке алынуы тиіс. Осы бапта жеңіл автокөлік жүргізушілерінің еңбек ақысын көрсетудің керегі жоқ деп есептейміз, өйткені аталмыш шығыс жеңіл машинаны пайдалану шығыстарының бір бөлігін құрайды. Сондықтан оны жеңіл көлікті күтіп ұстау шығындарының құрамында есепке алған дұрыс.

«Әкімшілік-басқарма қызметкерлерінің қызмет бабындағы іс-сапар, жүріп-тұру және орын ауыстыру шығындары» бабында іс-сапарға жіберілген басқарма қызметкерлерінің жол-пұл, пәтерақы, тәуліктік шығыстарын, сондай ақ басқа жұмыс орнына ауыстырылуымен байланысты көтерме ақылары мен басқадай төлемдері көрсетіледі. Алайда, құрал-жабдықтар мен металл конструкцияларын монтаждау, санитарлық-техникалық, электромонтаж және өзге де арнайы жұмыстарды орындау үшін жіберілген инженерлік-техникалық жұмысшылардың іс-

сапар шығындарыбұл бапта есепке алынбауы тиіс. Жеңіл автокөлікті тұтыну және қызмет бабымен жүріп-тұру, жол талондарын сатып алу шығыстарын осы баптың құрамында қарастыру керек.

«Басқару қызметін автоматтандыру шығыстары» бабы басқарма қызметін жеңілдететін арнайы құрал-жабдықты пайдалану шығыстарын қамтиды. Бұл жерде компьютерлік техникаларды, көшірме аппараттарын және басқа да құрал-жабдықтарды пайдаланумен байланысты шығыстарды есепке алған жөн. Ал, комутаторды, диспетчерлік байланысты тұтыну шығыстарын, сондай ақ пошта-телефон, телеграф және радио желісі шығындарын «Байланыс қызметінің шығыстары» бабында көрсету керек.

«Кеңсе шығыстары» бабы кеңсе заттарына, типографиялық және түптеу қызметтеріне жұмсалған шығындарды, газеттер мен журналдарға жазылу, анықтамалықтар мен есеп бланкілерін сатып алу шығындарын қамтиды.

«Әкімшілік шаруашылық ғимараттары мен құралдарын тұтыну және күтіп ұстау шығындары» бабының құрамында басқару аппаратының ғимараттарын күтіп ұстау шығындары (жылыту, жарық беру, канализация, сумен жабдықтау, таза ұстау, ғимаратты жөндеу шығындары, негізгі құралдарға есептелген тозу сомалары) есепке алынады.

«Басқарма қызметкерлерінің еңбегін қорғау және техникалық қауіпсіздігі» бабына машиналармен және жабдықтармен жұмыс істейтін әкімшілік қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қондырғылар дайындау және орнату, жуынатын орындарын дайындау және күту, тағы сол сияқты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру шығындарының есебі жүргізіледі.

«Жұмыс өндірісін жобалау шығыстары» бабы құрылысты жергілікті жағдайларда жұмысты орындау жайлы ақпаратпен қамтамасыз етумен байланысты. Мұнда жобалау тобының жұмысшыларының еңбек ақысы әлеуметтік салыққа аударымдарды қоса алғандағы, типтік жобаны жергілікті жағдайларға ыңғайлаумен байланысты материалдардың, кеңсе және сызу құралдарының шығындары кіреді. Егер бұл жұмыстарды юасқа ұйым орындайтын болса, онда бұл бапқа олардың қызметтерінің құны енгізіледі.

«Материалдарды, конструкциялар мен құрылыс ғимараттарының бөліктерін сынау шығыстары» бабы материалдарды сынайтын құрылыс зертханаларын ұстауға жұмсалған шы-

ғыстарды, сондай-ақ өзге ұйымдардың көрсеткен қызметтерінің құнын қамтиды. Бұл шығыстар материалдар мен тұрғызылып жатқан объектінің сапасы туралы ақпараттарды алуға бағытталған. Сондықтан, біздің ойымызша, оларды әкімшілік шығындар қатарында есепке алған орынды. Алайда, егер ғимараттарды сынаумен байланысты жұмыстар іске қосу сипатында болса, онда осы мақсатқа жұмсалатын шығыстар объекті салынып біткеннен кейін туындайтын шығындар болып табылады. Мұндай шығыстарды негізгі шығындардың қатарында нысаналаы бағыты бойынша есепке алу толығымен негізді.

«Нормативті жұмыстарға жұмсалған шығыстар» бабы техникалық әдебиеттерді, прекурранттарды, каталогтар мен анықтамалықтарды сатып алу сатып алу шығыстарын, техникалық ақпараттар мен насихаттау шығыстарын, ғылыми-техникалық конференцияларды жүргізу үшін ғимараттарды ұстау және онымен байланысты шығындарды қамтиды. Осы бапта тәжірибе алмасу, техникалық көрмелер және жәрмеңкелерге қатысу шығындарын да көрсетуге болады.

«Геодезиялық жұмыстарға жұмсалған шығыстар» бабында геодезиялық жұмыстарды – құрылыс процесінде жоспарлар мен карталарға объектілерді түсіру, ғимараттар мен конструкцияларды барынша бөлу, учаскелердің тігінен және көлденеңінен жоспарын жасау, жұмысшы сызбалар үшін инструментальды суретке түсіру-жүргізумен байланысты шығындарды жинақтайды. Мұнда геодезисттерден басқа осы жұмыстармен айналысқан жұмысшылардың да еңбекақылары кіреді. Геодезисттердің еңбекақысы инженерлік-техникалық жұмысшылар ретінде «әкімшілік-басқарма қызметкерлерінің әлеуметтік салыққа аударымдарын қоса алғандағы негізгі және қосымша еңбекақылары» бабына

қарастырылған. Геодезиялық орындаушыларға қажетті ақпараттарды алуға бағытталған және әкімшілік шығындарына жатқызылады.

«Басқалар» бабында банк қызметінің шығындарын, өкілдік шығындарды, сот шығыстары, айыппұлдар мен өсімпұлдар және тағы басқа жоғарыдағы баптарда ескерілмейтін шығындар есепке алынады.

Қорытынды

Бүгінгі құрылыс саласын сипаттайтын басты көрсеткіштер құрылыс нысанының мерзімі мен бюджеті болып табылады. Мерзім мен бюджет көлемін сақтауға кешегі күні келесі факторлар әсер етті: пандемия, құрылыс материалдарының бағасының өсуі, инфляция, мамандардың жетіспеушілігі, мемлекет тарапынан қатаң бақылау. Ал бүгінгі күні ықпал ететін басты факторлар ретінде геосаясат, жұмысшы күшінің миграциясы, құрылыс материалдарының бағасының өсуі, логистика, қаржылық құрсаулар, тапсырыс берушілер тарапынан қойылатын талаптардың өсуін атауға болады. Осы мәселелермен қатар құрылыс саласында шектеуші жүйелік мәселелер басым. Оның ішінде жоспалау барысында орын алатын қателердің болуы, басқарушылық шешімдердің уақыттылы қабылданбауы, коммуникациядағы кедергілер, мерзімдердің сақталмауы және басқаларының маңызы зор. Нәтижесінде, тиімсіз және дұрыс құрылмаған жүйе шығындарды арттырады.

Зерттеулер нәтижесінде құрылыс ұйымындағы өндіріс үрдістерін тиімді ұйымдастыру факторларын келесі сызықтық-логикалық құрылым негізінде басшылыққа алуға ұсынуға болады (4-сурет).



4-сурет – Құрылыс саласындағы өндіріс үрдістерінің сызықтық-логикалық құрылымы
Ескертпе: Риндасу С.-М. (2019) әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Құрылыс ұйымындағы өндіріс процестерінің кезеңділігі күнтізбелік-желілік кестеден бастау алып, ресурстарды тиімді пайдалана отырып жасалған келісім-шарт бойынша жобалардың қаржылық нәтижелерін анықтаумен аяқталады.

Құрылыс ұйымындағы кезең шығындарының есебін жүргізуде оларды ұйымның алатын пайдасының азаюына қарай ықпал

етуші фактор ретіне анықтады. Кезең шығыстарын есепке алу барысында әкімшілік шығындарды бақылау деңгейінің төмендігі, кезең шығыстары есебінің негізделмегендігі сияқты кемшіліктердің болуы осы шығыстарды арнайы нормалауды қажет етеді. Ұсынылған нормалау мүмкіндігі кезең шығыстарының есебін тиімді ұйымдастыру мен жүзеге асыру құралы ретінде пайдаланылады.

Әдебиеттер

1. Бейсенбаева А.К. Құрылыстағы бухгалтерлік есеп: оқу құралы. – Алматы: NURPRESS, 2013. – 184 б.
2. Бондина Н.Н., Бондина И.А., Павлова И.В., Лаврина О.В. Учет затрат и калькулирование себестоимости: учебное пособие. – М.: Инфа-М, 2019. – 254 с.
3. Друри К. Введение в управленческий и производственный учет: учебное пособие. – М.: Юнити, 2013. – 1423 с.
4. Карпова Т.П. Управленческий учет: учебник. – М.: Юнити-Дана, 2004. – 351 с.
5. Кеулимжаев К.К., Құдайбергенов Н.А. Производственный и управленческий учет: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2011. – 330 с.
6. Королева М. А., Кондюкова Е. С., Дайнеко Л. В., Караваева Н. М. Экономика строительного бизнеса, 2019, <http://hdl.handle.net/10995/73897>.
7. Международные стандарты финансовой отчетности 2010: издание на русском языке.-М.: Аскери – ACCA, 2010. – 1064с.
8. Мизиковский Е.А., Мизиковский И.Е. Производственный учет: учебник. – М.: Инфа-М, 2010. – 272 с.
9. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп: оқу құралы /Алматы : Экономика, 2011. – 310 б.
10. О’Лири Д. Э. (2017) Настройка блокчейн-архитектур для обработки информации о транзакциях в блокчейн-консорциумах: пример систем бухгалтерского учета и цепочки поставок. Интеллектуальные системы в бухгалтерском учете, финансах и менеджменте. Т. 24, № 4. – С. 138-147.
11. Пайтаева К. Т. (2018) Роль и значение экономического анализа в условиях цифровой экономики / К. Т. Пайтаева // Развитие региональной экономики в условиях цифровизации. – С. 575-579.
12. Риндасу С.-М. (2019) Блокчейн в бухгалтерском учете: хитрость или удовольствие? Качество – путь к успеху.170(20): – С. 143-147.
13. Тайгашинова К.Т. Управленческий учет: учебное пособие. – 3-е изд., исправ., перераб. / К.Т. Тайгашинова, Б.Б. Султанова, А.З. Арыстамбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 286 с.
14. Тан Б. С., Лоу К. Ю. (2019) Блокчейн как движок базы данных в системе бухгалтерского учета. Австралийский бухгалтерский обзор.(2): – С. 312-318.
15. Хорнгрен Ч., Дж.Фостер., Датар Ш. Управленческий учет. Пер. с англ. Пинус О.А., Каверин М.М., Шумейко Е.С., Плоткина А.А. – СПб.: Питер, 2005. – 1008 с.

References

1. Bejsenbaeva A.K. Qurylystagy buhgalterlik esep: oqu quraly. – Almaty: NURPRESS, 2013. – 184 b.
2. Bondina N.N., Bondina I.A., Pavlova I.V., Lavrina O.V. Uchet zatrat i kal’kulirovanie sebestoimosti: uchebnoe posobie. – M.: Infa-M, 2019. 254 s.
3. Druri K. Vvedenie v upravlencheskij i proizvodstvennyj uchet: uchebnoe posobie. – M.: YUniti, 2013. – 1423.
4. Horngren CH., Dzh.Foster., Datar SH. Upravlencheskij uchet. Per. s angl. Pinus O.A., Kaverin M.M., SHumejko E.S., Plotkina A.A. – SPB.: Piter, 2005. – 1008 s.
5. Karpova T.P. Upravlencheskij uchet: uchebnik. – M.: YUniti-Dana, 2004. – 351 s.
6. Keulimzhaev K.K., Kudajbergenov N.A. Proizvodstvennyj i upravlencheskij uchet: uchebnoe posobie. – Almaty: Ekonomika, 2011. – 330 s.
7. Mezhdunarodyne standarty finansovoj otchetnosti 2010: izdanie na russkom yazyke.-M.: Askeri – ASSA, 2010. – 1064 s.
8. Mizikovskij E.A., Mizikovskij I.E. Proizvodstvennyj uchet: uchebnik. – M.: Infa-M, 2010. – 272 s.

9. Nazarova V.L. SHaruashylyq zhurgizushi sub"ektilerdegi buhgalterliq esep: oqu quraly / Almaty : Ekonomika, 2011. – 310 b.
10. O'Leary D. E. (2017) Configuring blockchain architectures for transaction information in blockchain consortiums: The case of accounting and supply chain systems. *Intelligent Systems in Accounting Finance & Management*. T. 24, № 4. – С. 138-147.
11. Pajtaeva K. T. (2018) Rol' i znachenie ekonomicheskogo analiza v usloviyah cifrovoj ekonomiki / K. T. Pajtaeva // *Razvitie regional'noj ekonomiki v usloviyah cifrovizacii*. – S. 575-579.
12. Rindasu S.-M. (2019) Blockchain in accounting: Trick or treat? *Quality – Access to Success*.170(20): –С. 143-147.
13. SHamina, E. V. (2018) Perspektivy vnedreniya avtomatizirovannyh tekhnologij v buhgalterskij uchët / E. V. SHamina, A. A. Filimonov // *Aktual'nye napravleniya nauchnyh issledovaniy XXI veka: teoriya i praktika*. № 2 (38). – S. 129-132.
14. Tajgashinova K.T. *Upravlencheskij uchët: uchebnoe posobie*. – 3-e izd., isprav., pererab. / K.T. Tajgashinova, B.B. Sultanova, A.Z. Arystambaeva.-Almaty: Қазақ universiteti, 2021. – 286 s.
15. Tan B. S., Low K. Y. (2019) Blockchain as the database engine in the accounting system. *Australian Accounting Review*. (2): – С. 312-318.